

Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік маңызы, олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы N 117 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 30 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5321 болып енгізілді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы N 180 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05. N 180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен. Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 41-бабының 4-тармағына, " Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 5-бабына және 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұсынылып отырған Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік маңызы, олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Стратегия және талдау департаменті (Әбдірахманов Н.А.):

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің

мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

5. Ақпараттық технологиялар департаменті (Түсіпов Қ.А.) 2008 жылғы 30 қарашаға дейін "Жинақтаушы зейнетақы қорлары мен бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының есеп берулерін қалыптастыруды автоматтандыру" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесін пысықтауды қамтамасыз етсін.

6. Агенттіктің Төраға қызметі (Кенже А.А.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық баспасөз құралдарында жариялау шараларын қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының
2008 жылғы 22 тамыздағы
N 117 қаулысымен бекітілді

Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік маңызы, олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулық

Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 41-бабының 4-тармағына, "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 5-бабына және 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - Қор) сақтауы міндетті пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері мен есеп айырысу әдістемесін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақшалай эквиваленттер – алдын ала белгілі ақша сомасына

жеңіл айналатын және олардың құнының елеусіз ғана өзгеріс тәуекеліне душар болатын қысқа мерзімді жоғары өтімді салымдар. Ақшалай эквиваленттер

қатарына екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға инвестициялар және қысқа мерзімді өтеу мерзімі бар басқа инвестициялар (сатып алғаннан бастап үш айдан артық емес) жатады.

Ақшалай эквиваленттер түріндегі инвестицияларды жіктеу "Ақша қаражаты қозғалысы туралы есептер" халықаралық қаржылық есеп берудің 7-ші стандартына сәйкес жасалады;

РҚАО-ның ескертуі!

1-тармақтың 2) тармақшасына 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен өзгерту енгізіледі.

2) валюталық тәуекел - зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым өз қызметін жүргізген кезде шетел валюталарының бағамдарының өзгеруіне байланысты шығыстардың (зияндардың) пайда болу тәуекелі. Шығыстардың (зияндардың) пайда болу қаупі валютаның құнын көрсету бойынша позицияларды қайта бағалаудан туындайды;

3) кредиттік тәуекел - заемшының (эмитенттің) бағалы қағаз шығарылымының (облигациялар, мемлекеттік міндеттемелер және басқалар) талаптарында белгіленген мерзімде кредиторға (инвесторға) тиесілі негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлемеу салдарынан шығыстардың (зияндардың) пайда болу тәуекелі. Сондай-ақ, кредиттік тәуекелге әріптестің своптар, опциондар және бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуларды реттеу кезеңіндегі міндеттемелерді орындамауына байланысты туындаған жоғалтулар тәуекелі кіреді;

4) қордың тәуекелі - акциялардың нарықтық құнына ықпал ететін қаржы рыноктарының талаптары өзгерген жағдайда пайда болатын акциялар құнындағы өзгерістер салдарынан шығыстардың (зияндардың) пайда болу тәуекелі;

5) қор биржасы – Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасы;

6) меншікті капиталдың жеткіліктілігінің жиынтық коэффициенті - осы Нұсқаулыққа сәйкес есептелген Қордың меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2008 жылғы 22 тамыздағы N 118 қаулысына сәйкес есептелген Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің сомасы;

РҚАО-ның ескертуі!

1-тармақтың 7) тармақшасына 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен өзгерту енгізіледі.

7) пайыздық тәуекел - мыналарды қосқандағы сыйақы ставкасының тиімсіз өзгеруі салдарынан шығыстардың (зияндардың) пайда болу тәуекелі:

орналастырылған активтердің (белгіленген сыйақы ставкалары кезінде) өтеу мерзімдерін сақтамауға байланысты жалпы пайыздық тәуекел;

басқа тең талап жағдайларында ұқсас бағалау сипаттамасы бар бірқатар құралдар арқылы сыйақы алынатын және төленетін есептеу мен түзетудің түрлі әдістерін қолдануға байланысты ерекше пайыздық тәуекел;

РҚАО-ның ескертуі!

1-тармақтың 8) тармақшасы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен жаңа редакцияда беріледі.

8) рыноктық тәуекел - қаржы рыноктарының тиімсіз қозғалысына байланысты шығыстардың (зияндардың) пайда болу тәуекелі. Рыноктық тәуекелдің макроэкономикалық табиғаты бар, яғни рыноктық тәуекелдердің негізгі көзі қаржы жүйесінің макроэкономикалық көрсеткіштері болып табылады. Рыноктық тәуекел пайыздық, валюталық және қор тәуекелдерінің сомасын білдіреді;

9) уәкілетті орган – қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін уәкілетті орган "Standard & Poor's" агенттігінің рейтингтерінен басқа, сондай-ақ "Moody's Investors Service" және "Fitch" агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі - басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингтерін таниды.

2-1. Осы нұсқаулық мақсаты үшін халықаралық қаржы ұйымдары болып, тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 225 қаулысы (бұдан әрі - N 225 қаулы) 1-қосымшада (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4486 тіркелген) айқындалған халықаралық қаржы ұйымдары түсіндіріледі.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29 N 247 , өзгерту енгізілді - 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулыларымен.

2-2. Қордың меншікті активтері есебінен жасалған мәмілелер N 225 қаулымен белгіленген ұқсас тәртіп бойынша жасалады.

Қордың ұйымдастырылмаған бастапқы рыноктағы мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерін (оларды орналастырған кезде) Қор дербес жүзеге асырады.

Ескерту. 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының - 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

2-3. Қордың қайталама рыноктағы меншікті активтер есебінен мемлекеттік бағалы қағаздармен және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелерін Қор тек бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында ғана мына жағдайларды қоспай жасайды:

1) эмитенттің Қордың инвестициялық портфеліндегі бар облигацияларды акцияларға айырбастауы;

2) басымдығы бар сатып алу құқығын іске асыру;

3) Қордың хеджирлеу құралдарымен мәмілелер жасауы. Хеджирлеу құралдары ретінде өтімді активтер, оның ішінде базалық активі осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көрсетілген өтімді активтер болып табылатын туынды қаржы құралдары танылады. Хеджирлеу операциялары бойынша қабылданған барлық шешімдер инвестициялық шешімдерді есепке алу журналында тіркеу жолымен Қорда сақталады;

4) Қор "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 27-бабында көзделген тәртіп пен мерзімде эмитенттің инвестициялық портфеліндегі бар акцияларын сатып алу жөнінде талап етуіне болады;

5) сауда-саттық ұйымдастырушысы листинг болмаған кездегі тартқан бағалы қағаздарды сату.

Ескерту. 2-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының - 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

2-4. Қордың меншікті активтерінің қатысуымен ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында жасалған мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері ашық сауда-саттық әдісімен жасалады. Қордың меншікті активтерінің қатысуымен жасалатын "кері репо" мәмілелері отыз күннен аспайтын мерзімге жасалуы мүмкін.

Меншікті активтердің қатысуымен Қордың жасаған "кері репо" операцияларының мәні болып Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары жүреді.

Ескерту. 2-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының - 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

2-5. Қордың аффилиирленген тұлғалармен, Қордың ірі акционеріне тиесілі акцияларды сенімгерлік басқарушылармен, және осы Нұсқаулықтың 2-3-тармағының 1), 2), 4) және 5) тармақшаларымен көзделген жағдайларды және ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығындағы мәмілелерді қоспағанда, Қордың ірі акционеріне тиесілі акцияларды сенімгерлік басқарушы аффилиирленген тұлғалармен Қордың ірі акционерлеріне тиесілі акцияларды сенімгерлік басқарушы аффилиирленген тұлғалармен қаржы құралдарын сатып алу және(немесе) иеліктен шығару жөніндегі меншікті активтер есебінен мәміле жасауына тыйым салынады.

Ескерту. 2-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының - 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

2-6. Бір эмитенттің екінші деңгейдегі бір банктегі мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарға салған салымындағы қор инвестициясының мөлшері Қор үшін белгіленген пруденциалдық нормативтермен белгіленген шектеулерге сәйкес келуі тиіс.

Қор егер сауда-саттықты ұйымдастырушы осы бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұрған жағдайда бастапқы нарықтағы сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздарды сатып ала алмайды.

Ескерту. 2-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының - 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

2-7. Эмитент шығарылым талаптарында көзделген мерзімде борыштық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Қор осындай міндеттемелерді орындау мерзімі өткен күннен бастап, осы бағалы қағаздарды сатып алу жөніндегі меншікті активтер есебінен, оның ішінде "кері репо" операцияларын жасау жолы арқылы инвестициялық шешімдер қабылдауға құқылы емес .

Ескерту. 2-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының - 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

2-тарау. Меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициенті

3. Осы Нұсқаулықтың 1-тармағының б) тармақшасында көрсетілген меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициентінің мәні күн сайын мынадай болу тиіс:

1) (алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының - 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

2) 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап - 0,06 кем емес;

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 164; 2009.04.10 N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) қаулыларымен.

3-1. Осы Нұсқаулықтың 1-тармағының б) тармақшасында көрсетілген меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентінің жиынтық мәні күн сайын зейнетақы жарналары мен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының қабылдаған зейнетақы активтері мен міндеттемелері оларды берген күннен бастап алты ай ішінде Қор үшін 0,01 кем болмайды. Зейнетақы активтері мен міндеттемелерді берген күннен кейін алты ай аяқталған соң Қор үшін меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентінің жиынтық мәні осы Нұсқаулықтың 3-тармағында көрсетілген мән болып табылады.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының - 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

4. Осы Нұсқаулықтың 3-тармағының талаптарын орындау мақсатында активтері осы ұйымдағы инвестициялық басқаруда болған Ұйым мен Қордың арасында меншікті капиталдың жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентін сақтау туралы шарт жасалуы мүмкін. Шарт жазбаша нысанда жасалады және оның құрамында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

ұйымның K_1 коэффициентінің мәнінің меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициентіне ара-қатынасы;

активтері осы ұйымның инвестициялық басқаруында тұрған қордың K_1 коэффициентінің мәнінің меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициентіне ара-қатынасы;

активтері осы ұйымның инвестициялық басқаруында тұрған Ұйымның және Қордың K_1 коэффициенттерінің мәнінің меншікті капиталдың жеткіліктілік

жиынтық коэффициентіне ара-қатынасын анықтау бөлігінде шартқа өзгерістер енгізу кезеңділігі, осындай өзгерістерді қолданысқа енгізу күнін көрсету арқылы.

Активтері Ұйымның инвестициялық басқаруында тұрған Қордың K_1 коэффициентінің мәні меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициентінің алпыс пайызынан кем болмауы тиіс.

Қордың K_1 коэффициентінің мәні меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициентінің жиырма пайызынан кем болмауы тиіс.

Ұйымдағы Қордың меншікті капиталының жеткіліктілік жиынтық коэффициенті жүз пайыз болады.

Қор уәкілетті органға осы шарт жасалған күннен бастап бір күн ішінде осы шарттың көшірмесін жібереді.

Ұйым мен Қордың арасында меншікті капиталдың жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентін сақтау туралы шарт жасалмаған жағдайда, Қордың K_1 коэффициентінің мәні меншікті капиталдың жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентінің жетпіс пайызынан кем болмауы тиіс.

K_1 коэффициентінің мәнінің орташа мәнін жүйесінде анықтап отырады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының - 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

4-1. Қор мен Ұйым меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициентін сақтамаған жағдайында, Қор мен Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілік жиынтық коэффициенті орындалмаған болып белгіленеді.

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының - 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

3-тарау. "Меншікті капиталдың жеткіліктілігі"

1 пруденциалдық нормативі

5. Қордың меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенті K_1 коэффициентімен сипатталады.

K_1 коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$K_1 = (\Theta A - M) / MZA, \text{ мұнда}$$

ӨА – осы Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарымен белгіленген өтімді және басқа активтер;

М - міндеттемелер ("репо" операциясын ашық сауда әдісімен өткізгенде, міндеттемелерге тек "репо" ашу сәтіне қор биржасының ішкі ережелеріне сәйкес анықталған "репо" объектісінің нарықтық құнының дисконт сомасы ғана кіреді);

МЗА - мына формула бойынша есептелетін тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген қордың инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарының құны :

$MZA = K_{TK} + H_{TK} + O_{TK}$, мұнда

K_{TK} – осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары бойынша өтелгенге дейін ұсталатын санатқа жатқызылған борыштық бағалы қағаздар , шетелдік эмитенттер және "саудаға арналған " және "сату үшін қолда бар" санатында 1 жылдан астам тұрған Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар , тәуекел дәрежесі бойынша сараланған депозиттер, тазартылған қымбат металдар, металл депозиттер, "кері репо" операциялары бойынша есептелетін кредиттік тәуекел ;

H_{TK} - "саудаға арналған " және "сату үшін қолда бар" санатына қойылған борыштық бағалы қағаздар, акциялар, пайлар, туынды қаржы құралдары бойынша есептелетін нарықтық тәуекел. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Рыноктық тәуекел 10-ға тең келтіру коэффициенті сияқты мына сома бойынша есептеледі: *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

сыйақы ставкасының (пайыздық тәуекелдің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекел; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

нарықтық құнның (қор тәуекелінің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекел; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

валюталардың айырбас бағамдары мен қымбат металдардың бағамдарының (валюталық тәуекел) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекел. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Сыйақы ставкасының (пайыздық тәуекелдің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекел есебі айырықша пайыздық тәуекелдің және жалпы пайыздық тәуекелдің сомасын білдіреді. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Айырықша пайыздық тәуекел осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес қаржы құралы рейтингіне қатысты айырықша пайыздық тәуекел коэффициенті бойынша сараланған сыйақы ставкасының (пайыздық тәуекелдің) өзгеруіне

байланысты нарықтық тәуекелі бар бірыңғай қаржы құралдарының сомасын білдіреді. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Сыйақы ставкасының (пайыздық тәуекелдің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар бірыңғай қаржы құралдары болып, мынадай талаптарға сәйкес келетін қаржы құралдары танылады: *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

бір эмитент шығарған; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*
)

тең кірістілік мөлшері бар; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

нарықтық құны сол сияқты бір валютада көрсетілген; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

өтелгенге дейінгі бірдей мерзімі бар. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Туынды қаржы құралдары айырықша пайыздық тәуекел есебіне енгізілмейді. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Жалпы пайыздық тәуекел мына соманы білдіреді: *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес уақытша аралықтар бойынша тәуекелдің барлық аймақтары бойынша сараланған қаржы құралдары сомасының 10 пайызын; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес 1 аймақтың уақытша аралықтары бойынша сараланған қаржы құралдары сомасының 40 пайызын; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес 2 аймақтың уақытша аралықтары бойынша сараланған қаржы құралдары сомасының 30 пайызын; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес 3 аймақтың уақытша аралықтары бойынша сараланған қаржы құралдары сомасының 30 пайызын. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Қаржы құралының (қор тәуекелінің) нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел қаржы құралының құнын рыноктық тәуекел коэффициентімен жасауды білдіреді және борыштық бағалы қағаздар бойынша айырбасталатын акциялар (сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты айырбасталмайтын артықшылықты акцияларды қоспағанда), және осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес базистік активі аталған бағалы қағаздар болып табылатын акциялар, туынды қаржы құралдары, депозитарлық қолхаттар болып есептеледі. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Валюталық айырбас бағамдарының және қымбат металл бағамдарының (валюталық тәуекел) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел шетел валютасында номинирленген қаржы құралдарының сомасын жасауды, сондай-ақ 0,04 валюталық тәуекел коэффициентіне тең осы бағалы қағаздардың барлық айналыс кезеңінде ұлттық валюталық бағаммен белгіленген осы құрал бойынша ақша ағынын белгілейтін шығарылым талабын көздейтін қаржы құралдарын қоспағандағы шетел валюталарының, қымбат металдардың, шетелдік қолма-қол валютаның бағамдарының өзгеруін индекстеген номиналды және/немесе купонды сыйақыны білдіреді. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Рыноктық тәуекел есебіне тәуекелдерді хеджирлеу мақсаты үшін сатып алынған мынадай туынды қаржы құралдары енгізіледі: *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты туынды қаржы құралдары – базистік активі пайыздық кіріс алып келетін қаржы құралы болып табылатын келісім-шарт, немесе талаптары бойынша қаржы ағыны пайыздық ставка немесе өзге пайыздық келісім-шарт негізінде есептесетін келісім-шарт; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

базистік активі нарықтық құнның өзгеруіне байланысты туынды қаржы құралдары – базистік активі қор құндылықтары (акциялар) немесе қор индексі болып табылатын келісім-шарт; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Отк – операциялық тәуекел, 0,04 операциялық тәуекел коэффициентіне тең соңғы өткен үш жыл ішінде алынған жылдық жалпы өнімнің орташа шегін келтіретін 10-ға теңдестіру коэффициентін білдіреді.

Соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы өнімнің орташа шегі өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы өнімнің сомасына қатысты ретінде есептеледі, оның әр қайсысы бойынша Қордың таза кіріс алған жылдарының санына сай кіріс алынған.

Жаңадан құрылған қорлар үшін операциялық тәуекел қаржы жылының аяқталуы бойынша есептеледі, және жылдық жалпы өнімнің орташа шегі өткен жылдардың санын негізге ала отырып, есептеледі.

2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап нарықтық тәуекел есебі кезінде көрсетілген келтіру коэффициенті 25 болады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының - 2009.04.10. N 74 (колданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

6. Осы Нұсқаулықтың 6- қосымшасында көзделген көлемде Қордың мынадай активтері өтімді активтер ретінде танылады:

1) ақша және ақша баламалары, оны ң ішінде:

кассандағы ақша, Қордың балансы бойынша активтер сомасыны ң он процентінен астам емес;

осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді, дербес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес банктердің ағымдағы шоттарындағы ақша;

бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногындағы операцияларды жүзеге асыру үшін қорға банктік қызмет көрсетулерді ұсынатын резидент емес ұйымдардың шоттарындағы ақша;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар;

3) ықтимал шығындарға резервтерді шегергендегі, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп), мынадай талаптардың біріне сәйкес келгенде:

"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар банктер;

"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес-бас банктің еншілес резидент-банктері болып табылатын банктер;

қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші санатына жай акциялар енгізілген эмитент-банктері болып табылатын банктер;

4) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді, жеке рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес-банктердегі салымдар (негізгі борыштың сомаларын және есептелген сыйақыны ескеріп);

5) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналымға шығарылғандарды қоса алғанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақының сомаларын есепке ала отырып);

5-1) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып);

6) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары;

7) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші және/немесе екінші санатына енгізілген заңды тұлғалардың акциялары;

8) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақының сомаларын есепке ала отырып);

9) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізімінің "бірінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" шағын санатына енгізілген Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақының сомаларын есепке ала отырып);

10) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып);

11) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып);

12) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары;

13) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, "Standard & Poor's" агенттігінің "BBB-" кем емес халықаралық рейтинг бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып) халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы

қағаздар;

14) тазартылған қымбат металдар және металл депозиттері;

15) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

16) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар базалық активі Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

17) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші және/немесе екінші санатына енгізілген заңды тұлғалардың акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

18) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары акционерлері болып табылатын, бағалы қағаздар рыногы инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың акциялары;

19) қызметкерлердің және басқа тұлғалардың дебиторлық берешектерін шегергенде, Қорға қатысты аффилирленген тұлғалар болып табылмайтын заңды тұлғалардың қордың шартты міндеттемелері бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру кезінде (ықтимал шығындарға резервтерді

шегеріп), K_2 номиналды кіріс коэффициентін өтеу жөніндегі Ұйым талаптарын қоспағандағы дебиторлық берешек, оның ішінде : (2009 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі)

қызметкерлердің және басқа тұлғалардың шарт талаптары бойынша үш күннен аспайтын мерзімге мерзімі өткен дебиторлық берешегін шегергендегі Қорға қатысты аффилирленген тұлғалар болып табылмайтын заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп);

қызметкерлердің және басқа тұлғалардың шарт талаптары бойынша тоқсан күннен аспайтын мерзімге мерзімі өткен дебиторлық берешегін шегергендегі Қорға қатысты аффилирленген тұлғалар болып табылмайтын заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп).

Осы тармақта көрсетілген бағалы қағаздар мынадай жағдайларда өтімді активтер есебіне қосылмайды:

Қордың бағалы қағаздарды кері сатып алу жағдайларында оларды сатса немесе кепілге берсе немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге тәсілмен ауыртпалық салса;

Қордың бағалы қағаздарды кері сату жағдайларында оларды автоматты "репо" рыногында сатып алса;

Қорға қатынасы бойынша аффилирленген тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалармен шығарылған бағалы қағаздарды Қор сатып алса енгізілмейді;

Қордың ірі акционерлеріне тиесілі акцияларды сенімгерлік басқарушылар және Қордың ірі акционерлеріне тиесілі акцияларды сенімгерлік басқарушы аффилирленген тұлғалар шығарған бағалы қағаздарды сатып алу .

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29 N 247 , 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулыларымен.

7. Қордың мынадай активтері басқа активтер ретінде танылады:

Қордың баланстық құн бойынша негізгі құрал-жабдықтары, оның ішінде: меншіктегі немесе тұрақты жер пайдалану құқығындағы жер; меншіктегі үйлер мен ғимараттар;

көлік құралын қоспағанда, меншіктегі машиналар және жабдықтар;

8. Қор күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша Қордың номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің барынша төмен мәні арасындағы айырма есебін зейнетақы активтері бойынша барынша төмен деңгейден кем емес кірістілікті алуды қамтамасыз ету мақсатында дербес жасайды.

9. Қордың номиналды кірістілік көрсеткіші Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын

ұйымдарға арналған пруденциалды қ нормативтерді қ нормативтік м ә ндері, оларды есептеу ә дістемесі туралы н ұ с қ аулы қ ты бекіту туралы" 2008 жыл ғ ы 22 тамызда ғ ы N 118 қ аулысына (б ұ дан ә рі - N 118 қ аулы) с ә йкес есептелген K_2 номиналды кіріс коэффициентімен сипатталады.

10. Тиісті кезең дегі кірістіліктің барынша төмен мәні барлық жинақ таушы зейнетақы қорлары үшін осы кезең дегі орташа номиналды кірістің тұзетілген коэффициентінен N 118 қ аулының 18-тармағымен белгіленген кірістіліктің ауытқуының төменгі шегіне тең шаманы көрсетеді.

11. Қорда күнтізбелік жыл соңында Қордың номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің барынша төмен мәні арасындағы теріс айырма болған жағдайда Қор осы айырманы Қордың кастодиан банктегі инвестициялық шотына тиісті меншікті капитал есебінен ақша сомасын аударым жасау жолымен өтейді.

Осы тармақтың бірінші абзацымен белгіленген талап зейнетақы активтері мен міндеттемелер қабылданған күнтізбелік жыл соңындағы кірістіліктің барынша төмен мәні мен Қордың номиналды кірістілігі көрсеткіші арасындағы теріс айырмасы бар зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті атқаруға берілетін лицензиядан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттемелері мен зейнетақы активтерін қабылдайтын Қорға қолданылмайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

12. Қордың кірістіліктің барынша төмен мәні мен K_2 коэффициенті арасындағы теріс айырманы алып тастау мақсатында кастодиан банктегі инвестициялық шотқа енгізген сомасы N 118 қ аулының 19-тармағына сәйкес есептеледі.

Қор кірістіліктің барынша төмен мәні мен K_2 коэффициенті арасындағы теріс айырманы алып тастау үшін өтейтін сомасын кастодиан банктегі инвестициялық шотына есеп айырысу жасалатын жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде енгізуі тиіс.

13. Қор кірістіліктің барынша төмен мәні мен K_2 коэффициенті арасындағы теріс айырманы өтеу сомасын енгізуді жүзеге асырған күннен кейінгі күнін ішінде уәкілетті органға осы соманың енгізілгендігі

жөніндегі кастодиан банктің растамасымен бірге жібереді.

13-1. Қор ай сайын бағалы қағаздардың құнсыздануы жөнінде тесттер жүргізеді және N 118 қаулыға сәйкес олардың құнсыздануына байланысты болуы мүмкін жоғалтуларға қарсы резервтер (провизиялар) қалыптастырады.

Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

13-2. K_2 номиналдық кіріс коэффициенті орташа номинирленген кіріс коэффициентінің түзетілген мәнінен ауытқыған кезде және Қорда шартты міндеттемелер талаптары пайда болған кезде Қор N 118 қаулыға сәйкес есептелген шартты міндеттемелер бойынша бағалау резервін қалыптастырады.

Ескерту. 13-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

4-тарау. "Бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға, бір заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне инвестициялары және кассадағы ақша қалдығы" 2 пруденциалдық нормативі

14. Бір эмитенттің бағалы қағаздарға, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға, сондай-ақ бір заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне меншікті активтерді инвестициялау кезінде осы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін Қор инвестициясының жиынтық мөлшері мынадай мәндерден аспауы тиіс:

1) екінші деңгейдегі бір банк эмиссиялаған бағалы қағаздарға, сондай-ақ осы банктегі салымдарға - мынадай талаптарды сақтаған кезде Қордың меншікті активтерінің көлемінің он пайызынан:

осы инвестициялардың мөлшері банктің меншікті капиталының мөлшерінің отыз бес пайызынан аспауы тиіс (қаржылық агенттіктер мен ипотекалық облигацияларды қоспағанда) не осы банктің меншікті капиталының мөлшерінің елу пайызынан аспауы тиіс, егер осы банк "BB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді инвестициялық рейтингтік бағасы бар немесе ("Standard & Poor's" рейтингтік агенттігін жіктеу бойынша) немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар болса;

екінші деңгейдегі бір банк бағалы қағаздарға эмиссиялаған инвестициялар мөлшері банктің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан аспауы тиіс (қаржылық агенттіктер мен ипотекалық облигацияларды қоспағанда);

екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға салынған инвестициялар мөлшері банктің меншікті капиталының мөлшерінің жиырма процентінен аспайды;

Қордың банктің дауыс беруші акцияларының зейнетақылық және меншікті активтер есебінен жасалған инвестициялары осы банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының он пайызынан кем болмауы тиіс;

2) екінші деңгейдегі банктің бағалы қағаздарына және екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын банктің аффилирленген тұлғаларына, сондай-ақ осы банктегі салымдарға - осы тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацымен, 3) тармақшасының екінші абзацымен белгіленген шектеулерді сақтау шарты бойынша Қордың меншікті активтерінің көлемінің он пайызынан;

3) екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын эмитенттің бағалы қағаздарына – мынадай талаптарды сақтаған кезде Қордың меншікті активтері көлемінің он пайызынан:

бірақ мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарға салынған осы инвестициялардың мөлшері осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма пайызынан артық болмауы (қаржылық агенттіктерінен, ипотекалық облигациялардан және мемлекеттің немесе қаржы агенттігінің кепілдігімен шығарылған облигациялардан басқа) немесе осы эмитенттің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарының бір шығарылымының жалпы көлемінің (аталған шамалардың қайсысы мейлінше кем болатындығына қатысты) жиырма бес пайызынан аспауы керек;

эмитенттің дауыс беруші акцияларындағы инвестициялардың мөлшері осы эмитенттің дауыс беруші акцияларының жалпы санының он пайызынан кем болады ;

4) алынып тасталды

5) бір заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі

Қордың меншікті активтерінің - көлемінің он пайызы;

5-1) Қордың меншікті активтерінің көлемінің он пайызы – бір заңды тұлғаның жарғы капиталындағы және осы заңды тұлға шығарған бағалы қағаздардағы қатысу үлесі;

б) басқарушы компаниясы қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған

заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорының пайларына, Қордың меншікті активтерінің көлемінің он пайызынан кем емес осы аралық инвестициялық пай қорының активтерінің он пайызынан кем емес мөлшерде;

6-1) Қордың меншікті активтерінің көлемінің он пайызын – басқарушы компаниясы қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын

бір басқарушы компанияда басқаруда болып отырған аралық инвестициялық пай қорларының пайларымен, және осы басқарушы компания шығарған бағалы қағаздармен;

7) халықаралық шәкіл бойынша "BBBm"-тен кем емес "Standard & Poor's principal stability fund ratings" не "BBBf"-тен кем емес "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" рейтингтік бағасы бар инвестициялық қордың пайларына, Қордың меншікті активтерінің

көлемінің он пайызынан, бірақ осы инвестициялық қордың активтерінің он пайызынан кем емес мөлшерде;

7-1) Қордың меншікті активтерінің көлемінің он пайызын – халықаралық шәкіл бойынша "BBBm"-тен кем емес "Standard & Poor's principal stability fund ratings" не "BBBf"-тен кем емес "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" рейтингтік бағасы бар бір басқарушы компанияның басқаруында тұрған және осы компания шығарған инвестициялық қорлар пайларына;

8) шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға – Қордың меншікті активтері көлемінің он пайызынан, бірақ бір эмиссия облигацияларының жалпы көлемінің жиырма бес пайызынан кем емес мөлшерде;

9) Қордың меншікті активтерінің көлемінің он пайызын – тазартылған қымбат металдармен және металл депозиттермен ;

10) Қордың меншікті активтерінің көлемінің он пайызын – халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздармен .

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29 N 247 , 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулыларымен.

15. Қордың инвестицияларының жиынтық мөлшерін бір эмитенттің бағалы қағаздарына, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарына салып, есеп айырысу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының резидент банкінің (эмитенттің) меншікті капиталы - листингтік рәсімдерге сәйкес бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастырушы берген Қазақстан Республикасының банк қызметін реттейтін заңнамасына немесе Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес баспасөз басылымында жарияланған соңғы тоқсандық балансы негізінде анықталады.

2) шетелдік эмитенттің меншікті капиталы Reuters немесе Bloomberg V.L.P ақпаратты талдама жүйесінде немесе осы бағалы қағаздар бағасы белгіленетін сауда жүйесінде, бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастырушының интернет желісіндегі сайтында немесе осы бағалы қағаздар эмитентінің сайтында орналасқан оның соңғы тоқсандық балансы негізінде анықталады;

3) бір-біріне қатысты аффилирленген банктер бір банк болып танылады, сонымен қатар осы Нұсқаулықтың 14-тармағының 1) тармақшасының екінші абзацымен белгіленген шектеу осындай банктердің әрқайсысына қатысты қолданылады;

4) бір-біріне қатысты аффилирленген, екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын эмитенттер бір эмитент ретінде танылады, сонымен

қатар осы Нұсқаулықтың 14-тармағының 3) тармақшасымен белгіленген шектеулер осы эмитенттердің әр қайсысына жеке қолданылады. Осы тармақшаның күші кредиттік бюроның қатысушылары (акционерлері) болып табылатын заңды тұлғаларға, сондай-ақ мемлекеттік акциялар пакеті (қатысу үлесі) "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына берілген заңды тұлғаларға таратылмайды.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29 N 247 , 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулыларымен.

16. Күннің соңындағы Қордың қассасындағы қалдық ақша мөлшері Қордың меншікті активтерінің он пайызынан аспауы тиіс.

Екінші деңгейдегі бір банктегі (өз араларында аффилирленген тұлғалар болып табылатын екі және одан көп екінші деңгейдегі банктердегі) Қордың ағымдағы шоттарындағы ақшаның барынша жоғары қалдығы Қордың меншікті активтері мөлшерінің он пайызынан аспауы тиіс.

17. Осы Нұсқаулықтың 14 және 15-тармақтарымен белгіленген нормалар уәкілетті орган белгілеген зейнетақы активтерін инвестициялау тәртібіне сәйкес Қордың сатып алуы мүмкін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздарына қолданылмайды.

Қордың инвестицияларының жиынтық мөлшерін екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын эмитент облигацияларымен есеп айырысу кезінде облигациялардың номиналды құны пайдаланылады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29 N 247 Қаулысымен.

5-тарау. Пруденциалдық нормативтердің сақталуын бақылау

18. Қор осының алдындағы жұмыс күнінің соңындағы, сондай-ақ ағымдағы тікелей жұмыс күнінің алдындағы әр демалыс күнінің соңындағы жағдай бойынша әр жұмыс күні үшін есеп жасайды:

1) K_1 коэффициентінің мәніне;

2) жасалған инвестициялардың 2-пруденциалды қ нормативіне сәйкестігіне.

19. K_1 коэффициенті мәнінің есептері және осы Нұсқаулықтың 1, 3, 4, 5, 6, 7 - қосымшаларының нысандары бойынша пруденциалдық нормативтерді есептеу үшін қосымша мәліметтерді Қор ай сайын электронды және қағаз тасымалдағыштармен уәкілетті органға есептіден кейінгі айдың бірінші күнгі жағдай бойынша осы айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен 18-00-ден кешіктірмей береді.

Есептердегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі. Оларды жасау кезінде қолданылған өлшем бірліктері мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан артық сома мың теңгемен дөңгелектенеді.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

20. Қағаз тасымалдағыштағы есептер мен қосымша мәліметтерге

Қордың бірінші басшысы немесе есепке қол қоюға уәкілетті, бас бухгалтер қол қояды, мөрмен расталады және Қорда сақталады.

21. Электронды тасымалдағыштағы есептер мен қосымша мәліметтер берілетін деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық құралдармен қорғалатын ақпаратты жеткізуге кепілдік берілген көлік жүйесін пайдалану арқылы жасалады.

22. Электронды тасымалдағыштағы ұсынылып отырған деректер мен қағаз тасымалдағыштағы деректердің дәлме-дәлдігін Қордың бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға қамтамасыз етеді.

23. Осы Нұсқаулықтың 18-тармағында көрсетілген мәндер осы Нұсқаулық белгілеген пруденциалдық нормативтермен сәйкес келмеген жағдайда, Қор уәкілетті органға бір күн ішінде осы сәйкессіздік фактісі мен себептері туралы оны жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып, хабарлайды.

Осы Нұсқаулықтың 14-тармағының 1) тармақшасының екінші абзацымен белгіленген талаптар бұзылған жағдайда, Қор осы тәртіп бұзуды өз жеке активтері есебінен жояды.

24. Қор бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асырған жағдайда, пруденциалдық нормативтердің есебі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 22 тамыздағы N 119 қаулысымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жасалады.

арналған пруденциалдық
нормативтердің нормативтік
маңызы, олардың есебінің
әдістемесі туралы нұсқаулыққа
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 164 , 2008.12.29 N 247 , 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулыларымен .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

1-қосымшаға 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен өзгерту енгізіледі.

Қордың атауы

200__ жылғы "____" _____

кредиттік тәуекел

(мың теңге)

N р/ с	Баптардың атауы	Сомасы	Пайыздардағы тәуекел деңгейі	Есеп айырысу сомасы
I топ				
1	Қолма- қол теңге		0	
2	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA-"-тен кем емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірі- нің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар елдің шетелдік қолма- қол валютасы		0	
3	Жергілікті атқарушы органдар шы- ғарған облигацияларды қоспа- ғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		0	
3- 1	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар		0	
3- 2	"Кері репо" операциялары		0	
4	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар		0	
5	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA-"-тен кем емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейінде- гі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің мемлекеттік			

	бағалы қағаздары		0	
6	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA-"-тен кем емес халықаралық рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		0	
7	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар, соның ішінде, Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінде тазартылған қымбат металдар мен металл депозиттер		0	
8	Базалық активі тәуекелдің I-тобына енгізілген активтер болып табылатын фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар		0	
9	Тәуекел I-тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		0	
II топ				
10	"Standard & Poor's" агенттігінің "A-"-тен "BBB-" дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар елдердің және тиісінше рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетелдік қолма-қол валютасы		20	
11	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A-" дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары		20	
11-1	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A-" дейінгі халықаралық рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		20	
12	Қ ор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар		20	

13	<p>"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzA-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар</p> <p>Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес-бас банктің еншілес резидент-банктеріндегі салымдар</p>	20		
14	<p>"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдармен шығарылған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары</p>	20		
15	<p>Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzA-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар</p>	20		
	<p>"Standard & Poor's" агенттігінің</p>			

16	халықаралық шәкілі бойынша "AA-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар ұйымдармен шығарылған Principal protected notes	20	
17	Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, ол бойынша мемлекеттің тапсырмасы бар, мөлшері инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымының толық көлеміне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған инфрақұрылымдық облигациялар	20	
18	Жолдағ ы а қ ша	20	
19	Т ә уекелді ң II-тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы	20	
III-топ			
20	"Standard & Poor's" агенттігінің "BBB+"-тен бастап "BBB-" дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары	50	
20-1	"Standard & Poor's" агенттігінің "BBB+"-тен бастап "BBB-" дейінгі халықаралық рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтинг бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	50	
21	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB+"-тен бастап "BBB-" дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBBB+" бастап "kzBBB-" дейінгі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A+"-тен бастап "A-" дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің		

	бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар резидент емес бас банкінің еншілес резидент-банктеріндегі салымдар		50	
22	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A+"-тен "A-" дейін рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		50	
23	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB+"-тен бастап "BBB-" дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBBB+"-тен бастап "kzBBB-" дейінгі рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар		50	
24	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A+"-тен бастап "A-" дейін рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар ұйымдармен шығарылған Principal protected notes		50	
25	Базалық активі тәуекелдің III-тобына енгізілген активтер болып табылатын фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар		50	
26	Базалық активі индекс болып табылатын фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар		50	
27	Тәуекелдің III-тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		50	
IV топ				

28	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB+"-тен бастап "BB-" дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBB+"-тен бастап "kzBB-" дейінгі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		100	
29	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB+"-тен бастап "BBB-" дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		100	
30	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB+"-тен бастап "BB-" дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар		100	
31	Инфрақұрылымдық міндеттемелер шығарылымының толық емес көлемі бойынша мемлекеттің кепілдігі бар, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары		100	
32	Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары		100	
33	<i>алынып тасталды</i>			
34	"Кері репо" операциялары		100	

35	Т ә уекелдің IV-тобына жай акциялар енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		100	
V топ				
36	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар, осы банктер қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші санатына енгізілген эмитент-банктері болып табылған жағдайда		130	
37	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B+"-тен бастап "B-" дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzB+"-тен бастап "kzB-" дейінгі рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар		130	
38	Базалық активті тәуекелдің V- тобына енгізілген активтер болып табылатын фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар		130	
39	Тәуекелдің V-тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		130	
39-1	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 225 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесінің 1-қосымшасының талаптарына сәйкес келмейтін қаржы құралдары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4486 тіркелген)		300	
VI топ				
40	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, қор биржасының ресми тізімінің "бірінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар"			

	шағын санатына кіргізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар		200	
41	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, қор биржасының ресми тізімінің "екінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" шағын санатына кіргізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар		300	
42	Сауда-саттықты ұйымдастырушының делистинг жасаған борыштық бағалы қағаздар		300	
43	Базалық активі тәуекелдің IV-тобына енгізілген активтер болып табылатын фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар		250	
44	Акциялары сауда-саттықты ұйымдастырушының делистинг жасаған екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		300	
45	Тәуекелдің VI-тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		250	
46	Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер сомасының жиынтығы		x	

Бірінші басшы немесе

есепке қол қоюға уәкілетті тұлға _____

(тегі, аты, әкесінің аты бар болса) (қолы)

Бас бухгалтер _____

(тегі, аты, әкесінің аты бар болса) (қолы)

Мөр орны

Кестені толтыру бойынша түсіндірмелер:

Зейнетақы активтерін кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерлеу кезінде егер, борыштық бағалы қағаздың арнайы борыштық рейтингі бар болса, онда осы бағалы қағаз осы рейтинг бойынша есепке алынады.

Қаржы құралы бойынша есептелген жиынтық сыйақы қаржы құралының жиынтық ағымдағы құнының құрамындағы кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша активтердің есебіне кіргізілген болса, онда ол бұдан әрі жеке есепке алынбайды.

Своптар, фьючерстер, опциондар, форвардтар көрсетілген қаржы құралдарының нарықтық құны мен олар бойынша кредиттік тәуекел сомасын осы қосымшада көрсетілген контрагент санатына сәйкес келетін тәуекел дәрежесіне көбейту арқылы кредиттік тәуекелді есептеуге енгізіледі.

Своп, фьючерс, опцион және форвард операциялары бойынша кредиттік тәуекел көрсетілген қаржы құралдарының номиналды құнының осы Нұсқаулыққа 2-қосымшада көрсетілген және көрсетілген қаржы құралдарын өтеу мерзімімен белгіленетін кредиттік тәуекел коэффициентіне туынды ретінде есептеледі.

Қаржы құралдарының осы тармақта көрсетілген нарықтық құны (алмастыру құны) мыналарды білдіреді:

сатып алу мәмілелері бойынша - қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының осы қаржы құралының келісім-шарттық номиналды құнынан асу шамасын білдіреді. Қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының келісім-шарттық номиналды құнынан кем немесе тең болған жағдайда, алмастыру құны нольге тең;

сату мәмілелері бойынша - қаржы құралының келісім-шарттық номиналды құнының осы қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнынан асу шамасын білдіреді. Қаржы құралының келісім-шарттық номиналды құны оны ағымдағы нарықтық құнынан кем немесе тең болған жағдайда, алмастыру құны нольге тең.

Бивалюталық қаржы құралдары (талабы мен міндеттемесі түрлі шетел валютасында болатын қаржы құралдары) бойынша алмастыру құны талаптардың теңгелік баламасының есептілік жасау күніндегі бағам бойынша белгіленген міндеттемелердің теңгелік баламасынан асу шамасы ретінде анықталады. Талаптардың теңгелік баламасының шамасы міндеттемелердің теңгелік баламасынан кем немесе тең болған жағдайда, алмастыру құны нольге тең.

Қаржы құралдарының осы тармақта көрсетілген келісім-шарттық номиналды құны бухгалтерлік есептің тиісті шоттарында мәміле жасау

күнінде көрсетілген қаржы құралдарының құнын білдіреді. Бивалюталық

қаржы құралдарының келісім-шарттық номиналды құны ретінде Қордың талаптары қалыптастырылатын валюта қалыбына алынады.

Сатылған опциондар бойынша алмастыру құны есептелмейді.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы делистинг жасаған қаржы құралдары осы қаржы құралдарының ағымдағы құнының сомасын осы қосымшаның VI тобындағы аквивтерінде көрсетілген тәуекел дәрежесіне көбейту жолымен кредиттік тәуекел есебіне кіргізіледі.

Зейнетақы активтерін халықаралық және ұлттық шәкіл бойынша рейтинг бағасы болған кезде кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша саралау кезінде есепке

осы Нұсқаулықтың 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган таныған рейтингтік агенттіктерінің бірінің халықаралық шәкілі бойынша ең жоғары рейтинг бағасы алынады .

Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік маңызы, олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулыққа 2-қосымша

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

2-қосымша 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен алынып тасталады.

(қордың атауы)

200__жыл ғ ы _____ жа ғ дай бойынша

туынды қ аржы құ ралдарымен жасал ғ ан м ә мілелер бойынша

кредиттік т ә уекел

(мың теңге)

N р/с	Баптар атауы/ валюта- лау күнінің мерзімі	Мемлекеттік бағалы қағаз- дармен жасалған мәмілелер			Валюталық мәмілелер			Пайыздық мәмілелер		
		со- ма- сы	тәу- екел дәре- жесі	есеп-теу сома- сы	со- ма- сы	тәу- екел дәре- жесі	есеп-теу со- масы	со- ма- сы	тәу- екел дәре- жесі	есеп- теу сомасы
1	1 жылдан кем		0,02			0,05			0,03	
	1.									
	2.									
									
2	1 жылдан 5 жылға дейін		0,03			0,07			0,06	
	1.									
	2.									
									
3	5 жылдан астам		0,04			0,09			0,09	
	1.									
	2.									
									
4	Жиынтығы		x			x			x	

кестенің жалғасы

Мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер			Қымбат металдармен жасалған мәмілелер			Өзге мәмілелер		
сомасы	тәуекел дәрежесі	есептеу сомасы	сомасы	тәуекел дәрежесі	есептеу сомасы	сомасы	тәуекел дәрежесі	есептеу сомасы
	0,06			0,07			0,10	
	0,08			0,07			0,12	
	0,10			0,08			0,15	
	x			x			x	

Бірінші басшы немесе

есепке қол қоюға уәкілетті тұлға: _____

(тегі, аты, әкесінің аты бар болса) (қолы)

Бас бухгалтер _____ (тегі, аты, әкесінің аты бар болса) (қолы)

Мөр орны

Туынды қаржы құралдары бойынша кредит тәуекелі есепті күннен бастап валютталау күніне дейін қалған мерзімге қатысты номиналды келісім-шарт құнын коэффициенттерге көбейту жолымен есептелінеді.

Осы кестеде келтірілген санаттың ешқайсысына да жатпайтын туынды қаржы құралдарымен операциялар "Басқа мәмілелер" санатында көрсетілген кредит тәуекелінің коэффициенттері бойынша саралануы тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік маңызы, олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулыққа 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қордың атауы

20 __ ЖЫЛҒЫ " __ " __
айырықша пайыздық тәуекелі

(мың теңгемен)

P /с N	Атауы	Сомасы	Айырықша тәуекел коэффициенті (%)	Есеп айырысу сомасы
1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, тәуелсіз рейтингі "Standard & Poor's" агенттігінің "AA-"-дан төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық Үкіметтері және орталық банктері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ шығарған борыштық бағалы қағаздар түріндегі сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарының құны		0	
2	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары түріндегі сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарының, тәуелсіз рейтингі "Standard & Poor's" агенттігінің "A"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық Үкіметтері мен орталық банктері шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарының, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздардың, мөлшері инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымының толық көлеміне сәйкес келетін, мемлекеттің кепілдігі бар, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигацияларының құны		0,01	
3	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары түріндегі сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарының, тәуелсіз рейтингі "Standard & Poor's" агенттігінің "BBB-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық Үкіметтері мен орталық банктері шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарының, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздардың құны		1,2	
	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары түріндегі сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарының, тәуелсіз рейтингі "Standard &			

4	<p>Рoor's" агенттігінің "BB-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық Үкіметтері мен орталық банктері шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарының, "Standard & Рoor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздардың, мөлшері инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымының толық емес көлемі бойынша, мемлекеттің кепілдігі бар, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигацияларының құны</p>	3,2	
5	<p>Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары түріндегі сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарының, "Standard & Рoor's" агенттігінің "B-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық Үкіметтері мен орталық банктері шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарының, "Standard & Рoor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздардың құны</p>	4,4	
6	<p>Қазақстан Республикасының және қор биржасының ресми тізіміндегі "бірінші шағын санаттың рейтинг бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" шағын санатына енгізілген басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар түріндегі сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарының құны</p>	5,2	
7	<p>Сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарының құны</p>	7,2	
Айрықша тәуекел жиынтығы		X	

Бірінші басшы немесе

есепке қол қоюға

уәкілетті тұлға _____

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Мөрдiң орны

Жинақтаушы зейнетақы қорларына
арналған пруденциалдық
нормативтердің нормативтік
маңызы, олардың есебiнiң
әдiстемесi туралы нұсқаулыққа
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

1-кесте

20 __ жылғы " ____ " _____ уақытша аралық бойынша сыйақы ставкасының (пайыздық тәуекелдің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарын бөлу

(мың теңгемен)

Аймақтар	У а қ ы т ш а аралықтар	Қаржы құралдарының құны	С а р а л а у коэффициенттері	Қаржы құралдарының сараланған құны
1	2	3	4	5
1	1 айдан кем		0,00	
	1-3 ай		0,0001	
	3-6 ай		0,0015	
	6-12 ай		0,002	
	1 аймақтың жиынтығы	x		
2	1-2 жыл		0,003	
	2-3 жыл		0,004	
	3-4 жыл		0,006	
	2 аймақтың жиынтығы	x		
3	4-5 жыл		0,0075	
	5-7 жыл		0,01	
	7-10 жыл		0,015	
	10-15 жыл		0,017	
	15-20 жыл		0,0185	
	20 жылдан артық		0,02	
	3-аймақтың жиынтығы	x		
4		Жиынтық сома		

Кестені толтыру бойынша түсіндірулер:

Белгіленген ставкасы бар қаржы құралдары өтелгенге дейін қалған мерзімге сәйкес уақытша аралық бойынша бөлінеді.

Өзгермелі ставкасы бар қаржы құралдары ставканы қайта қарау күніне дейін қалған мерзімге қатысты уақытша аралық арқылы бөлінеді.

Орындалу мерзімі екі уақытша аралықтардың шекарасында болатын қаржы құралдары мейлінше ерте аралық бойынша бөлінеді.

Сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты туынды қаржы құралдарын (фьючерстердің, опциондардың, своптардың, форвардтардың) өтеу мерзімі туынды қаржы құралдарын және олардың базистерінің айналыс мерзімі жеткізілгенге және орындалғанға дейінгі мерзімге қатысты есептеледі.

Сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты сараланған туынды қаржы құралдарының (фьючерстердің, опциондардың, своптардың, форвардтардың) сомасы тиісті базистік активтердің нарықтық құнына қатысты және туынды қаржы құралдарын жеткізу немесе орындағанға дейінгі мерзімге қатысты есептеледі.

2-кесте

Қордың атауы _____

20 __ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

жалпы пайыздық тәуекел есебі

(мың теңгемен)

